




«Ілияс Есенберлин – қазақ әдебиетінің ғана емес, қазақ халқы тарихының төрінен алатын дара тұлға....»

Нұрсұлтан Назарбаев

Ілияс Есенберлин өлеңдері топтамасынан... (оқушылар шығармашылығы)

Ілияс Есенберлин шығармалары



Бұл жалғаннан
Басқаным кейде шок болды.
Бұл жалғаннан
Құшқаным кейде от болды.
Қуанышым сөйтсе де
Қасіретімнен көп болды.

Адам мәңгілік



«Қаздар, қаздар
Барады қайтып тізіліп.
Қараймын мен,
Қараймын кеп қызығып.
Қиқулары еміс-еміс естіліп
Кетеді кілт,
Кетеді кілт үзіліп.

Өкінемін
Біткендей ерте қызық той...
Сол бір сәтте
Маған мұңлы түседі ой,
Қоштасуға қимайтын мәз өмірің
Қайырылмайтын қайтқан қаздай екен ғой!..

Сенсің өмір,
Бар байлығым, дәулетім.
Тастарын, бар, неге сонша әуре еттің?
Бірақ ойлап бақытты еткен шағымды,
Қызық көрген күндерімді тәубе еттім.

АҚ ҚАЙЫҢ

Ектім мен ұлыма арнап тал шыбықты,
Елемей күзгі суық ызғырықты,
Еккенде ұлыма арнап тал шыбықты,
Дедім мен ақ қайындай өссін мықты.

Ақ қайың - ау, ақ қайың,
Мәпелейін, баптайын.
Ұлым сендей құлпырсын,
Маңдайынан қақпайын.
Күн сүйіп, жаңбыр құшып жазға салым,
Ақ қайың төкті жасыл жапырағын...
Жайқалды жас қайындай ұлым - дағы
Октябрь шашып алтын күн шапағын...

Ақ қайың - ау, ақ қайың,
Мәпелейін, баптайын.
Ұлым сендей құлпырсын,
Маңдайынан қақпайын.
Қос қайың күннен-күнге құлпырады,
Жүрекке керген сайын жыр туады,
Тілеймін солар үшін сөнбесін деп,
Көкте күн, жерде Октябрь күн шуағы.



БІР ТҮНДЕ

Лап еткен бұл өте ұқсас түнгі өртке
Қанды оқиға болған еді Жаркентте.
Жаңа орнаған өкіметін советтің
Берік деуге мезгіл еді тым ерте...
Қызғалдақтар күткен аңсап бұлбұлды
Көктем келіп, гүл күлімдеп, күн күлді...
Бау-бақшалы шарапхана алдында
Қыдырған жұрт, сән киімді, сан түрлі...
Тоқаш сөзі өзгелерден өктем - ді.
Жарас батыр оған қатты өкпелі,
Қыз-бозбала ән шырқаса шаттанып,
Жауыздар жүр, түн келе қан төккелі!
Мұнда Айжан — Тоқаштың жас жары бар.
Және сайқал, жоғалтқан жастай ұят, ар —
Ақбілектей, қашқан байдың тоқалы,
Сұлу да жүр, еркектерге тым құмар...



Гүлмахан Бақдаулет
7 сынып

Домбыра

Бұл домбыра тоғыз перне тағылған,
Естіген жан үнін аңсап сағынған.
Тарта білсең дұрыс қойып,
дұрыс қойып тиегін,
Кеңітеді көңілдің көк,
Көңілдің көк жиегін.
Бұл домбыра талай ғасыр жыр еткен, —
Махаббатты шыққан ыстық жүректен.
Жан сезімін аялатқан,
Аялатқан, тербеген
Кейде шаттық, кейде қайғы,
Кейде қайғы-шерменен.
Бұл домбыра тапқан ақын жүрегін,
Тартқан жарға айтам деген тілегін.
Үні тәтті күлкісіндей,
Күлкісіндей қалқаның
Сол себептен домбырамды тартамын.



ЖАҢА ӨЛКЕ

Кешегі бір шерлі қазақ даласы,
Алтын өлке. міне, бүгін қарашы.
Құшағында, салтанатты, мархабатты сан ұлты
Жарқыраған жаңа өмірдің қаласы.

Қайырмасы:

Бізде байлық береке,
Бізде шаттық мереке.
Әнге қосып ардақтаймыз,
Астананы жаңа өлке
Арманына жетті халқым көздеген,
Сарыарқам да, сар далам да өзгерген.
Жасыл қалам алтын әннің, алтын дәннің ордасы,
Қымбаттысың ел-жұртыңа өзгеден.

Қайырмасы:

Бізде байлық береке,
Бізде шаттық мереке.
Әнге қосып ардақтаймыз,
Астананы жаңа өлке.
Сүйем сені, сұлу Ертіс, көл, аспан,
Жеріңе сай атың қалай жарасқан.
Гүлдене бер, өрлене бер, жас қала,
Жаңа өмірге жаңа туып жол ашқан.

Қайырмасы:

Бізде байлық береке,
Бізде шаттық мереке.
Әнге қосып ардақтаймыз,
Астананы жаңа өлке.



Темірхан Томирис 7 сынып



Дариганың әні

Ұшырдым сұңқарымды алыс жаққа,
Бақытқа, қуанышқа, болашаққа.
Алдында не бар оны күтіп тұрған
Дауыл ма? Әлде шатты күн шуақ па?
Айналайын, жас Жанайым,
Жүзіңнен көрейін мен таң арайын.
Әлі әбден жетілмеген балапаным,
Үміттің анаң жайды алақанын...
Күтермін аңсап сені санап сонау
Өмірдің батар күнін, атар таңын.

